Тажиев Рашид Ойыкбаевичтің
8D11301 – Логистика (салалар бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Көліктік-логистикалық қызмет көрсетудің цифрлық экожүйелерін дамыту негізінде автомобиль жүк тасымалдарын басқаруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекшінің
ПІКІРІ

Тажиев Рашид Ойыкбаевич әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебін «Маркетинг» мамандығы бойынша бакалавриат пен магистратураны, сонымен қатар ҚазҰАУ-дың «Құқықтану» мамандығы бойынша магистратурасын тәмамдаған. 2022 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 8D11301-Логистика (салалар бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға оқуға түсті.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Тажиев Р.О. өзін ерекше ойлы, кемел, саналы зерттеуші ретінде танытты, білім деңгейінің жоғары екендігін, мақсат пен міндеттерді айқындау, зерттеу әдістерін таңдау, гипотезаны алға тартып, нәтижелерді талдай білу, ғылыми қорытынды жасай білу қабілетін көрсетті. Ол өзінің мақсатына жетудегі табандылығымен және өз көзқарасын қорғай білуімен ерекшеленеді. Үміткер ғылыми-әдістемелік конференцияларға белсенді қатысып, ғылыми және көлік логистикасы саласындағы кәсіби қызметін сәтті біріктіреді. Ол сегіз мақаланың, оның ішінде Scopus деректер базасында индекстелген шетелдік журналда бір мақаланың, БҒССҚК тізімінен рецензияланған журналдарда үш мақаланың және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарындағы үш мақаланың жариялануымен расталған.

Ізденуші алған теориялық және практикалық нәтижелер автордың біліктілігі жоғары, зерттеу тақырыбын терең түсінуге, талдауға және қойылған міндеттерді шешудің әртүрлі әдістерін сәтті қолдана білуге, деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану арқылы алынған нәтижелерді сауатты өңдеуге және түсіндіруге қабілетті деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Рашид Ойыкбаевич Тажиевтің диссертациясы көліктік-логистикалық қызметтердің цифрлық экожүйесін дамыту негізінде автомобильмен жүк тасымалдауды басқаруды жетілдіруге байланысты өзекті мәселені шешуге арналған. Тақырыптың өзектілігі жаһандану және әлемдік нарықтардың интеграциясы жағдайында Қазақстанның Қытай, Ресей және Еуропа арасындағы негізгі транзиттік хаб ретіндегі ұстанымын нығайтуға ұмтылуымен байланысты. Бұл процесте жүктерді жеткізудің икемділігін, жылдамдығын және қолжетімділігін қамтамасыз ететін автомобиль жүк көлігі негізгі рөл атқарады. Дегенмен, бұл жүйе тиімді жұмыс істеуі үшін басқаруға, инфрақұрылымға және технологиялық қамтамасыз етуге байланысты бірқатар қиындықтарды жеңу қажет. Бар проблемалар автомобиль жүк тасымалдарын басқару тиімділігін төмендетеді. Көлік-логистикалық қызметте цифрлық экожүйелерді дамыту тасымалдау процесіне қатысушыларды біріктіруге, процестерді автоматтандыруға, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндіктер береді. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы экономиканың түрлі салаларында, соның ішінде көліктік логистикадағы цифрлық технологияларды дамытуға бағытталған. Бұл бағдарлама

аясында интеллектуалды көлік жүйелерін енгізу, электронды коммерцияны дамыту, шағын және орта бизнес үшін цифрлық платформалар құру жоспарлануда.

Осылайша, цифрлық экожүйені дамыту арқылы автомобиль жүк тасымалдарын басқаруды жетілдіру Қазақстан үшін өзекті және дер кезінде қойылған міндет, автомобиль жүк тасымалдарын басқарудың тиімділігін арттыруға және еліміздің халықаралық аренадағы ұстанымын нығайтуға ықпал етеді.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – көліктік-логистикалық қызметтердің цифрлық экожүйелері негізінде автомобильмен жүк тасымалдауды басқаруды жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеу. Зерттеу мақсатына жету үшін автормен өз бетінше автомобильдік жүк тасымалдарын басқару жүйесінің ғылыми неізделген құрылымы анықталды; автомобиль жүк тасымалдарының тиімділігіне цифрлық экожүйелердің әсер ету моделі құрастырылды; Индустрия 4.0 перспективасында автомобиль жүк тасымалдарын басқарудың қазақстандық жүйесінің құрылымы негізделді; автомобиль жүк тасымалдарының сапасын басқарудың соңғы халықаралық тәжірибесін талдау әдістемесі әзірленді және қолданылды; автомобиль жүк тасымалдарын басқаруды ұйымдастырудың жетілдірілген схемасы әзірленді және Өнеркәсіп 4.0 шеңберінде автомобиль жүк тасымалдарын басқарудың жаңа көзқарасы ұсынылды; «KazLogistics Hub» ұлттық цифрлық платформасының жобасы жасалды және соның негізінде цифрлық экожүйенің біріктірілген архитектурасы құрастырылды. Диссертацияда ұсынылған модельдер, әдістер, алгоритмдер мен құралдардың ғылыми жаңалығы, практикалық маңызы бар, апробациядан өткен.

Р.О. Тажиевтің диссертациясы ішкі бірлігі бар, жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде орындалған, аяқталған ғылыми-біліктілік өзіндік жұмыс болып табылады. Белгіленген мақсаттар мен міндеттер зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Автор алғашқы мәліметтерді жинауға және талдауға, ғылыми тәжірибелерді жүргізуге, зерттеу нәтижелерін апробациядан өткізуге, орындалған жұмыстар бойынша негізгі жариялынымдарды дайындауға тікелей қатысты.

Қорытындылардың өзектілігі, жаңалығы мен негізділігі, докторанттың диссертациялық зерттеуінің теориялық және практикалық маңыздылығы, ізденуші тұлғасының қасиеттері, оның зерттеу пәні саласындағы құзыреттері, әдеби дереккөздермен жұмысының көлемі, алынған нәтижелерге автордың қосқан жеке үлесі Рашид Ойыкбаевич Тажиевтің «Көліктік-логистикалық қызмет көрсетудің цифрлық экожүйелерін дамыту негізінде автомобиль жүк тасымалдарын басқаруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қойылған талаптарға сәйкес келеді және қорғауға ұсынуға болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді, ал оның авторы Тажиев Рашид Ойыкбаевич 8D11301-Логистика (салалар бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Отандық ғылыми кеңесші, э.ғ.к.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Бизнес-технологиялар»
кафедрасының аға оқытушысы **Э.Е. Баймуханбетова**

09.06.2025ж.

«28» 02 2025